ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 30 мамыр № 4712-23-00-2/1179 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.М.Джумаева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Ақтау қаласы)» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «КП» атынан әрекет етуші Поверина Евгения Рудольфовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбының соммасын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Ақтау қаласы)» мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер «КП» атынан әрекет етуші Поверина Евгения Рудольфовнаға келтірген мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер КП» атынан әрекет етуші Поверина Евгения Рудольфовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер КП» атынан әрекет етуші Поверина Евгения Рудольфовнадан мемлекет пайдасына 723 (жеті жүз жиырма үш) теңге 34

тиын тұрақсыздық айыппұл сомасын және 1 747 (бір мың жеті жүз қырық жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **М.М.Джумаева**

Көшірмесі дұрыс:

Судья **М.М.Джумаева**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 10.07.2023 жылы енді.

Судья **М.М.Джумаева**